

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

Ж.Ж. ӘБДИҒАППАРОВА 

Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: zhabdigapar@nu.edu.kz)

ОТАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ДІНИ АХУАЛ ЖӘНЕ ШАЙЫР ШӘДІНІҢ «НАЗЫМ СИЯР ШӘРИФ» ДАСТАНЫ

Аңдатпа. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде мұсылманшылықты дәріптейтін діни тақырып ерекше орын алды. Оның негізгі себебі Патша үкіметінің отарлау саясатының күшеюі еді. Отарлау саясаты крестьяндарды қазақ жеріне жаппай қоныстандыру, сол арқылы жергілікті халықты билеп-төстеудің жолын арттыру, рухани отарлау, шоқындыру жұмыстарын жандандыра жүргізумен қатар іске асырылды.

Отарлаушылардың осындай іс-әрекеттерінен қорғану мақсатында қазақ даласында «мұсылмандық қозғалысы» өріс алды. Мешіт ашып, медресе салдыру ісі өрістеді. Діни тақырыптағы жазба насихат та күшейді. Пайғамбар мен діни қайраткерлер өмірі жайлы жырлайтын шығармалар көптеп жазыла бастады. Дәл осы кезеңде қазақ жерінде діни-тәлімдік туындыларды халық игілігіне жарата бастағаны айқын сезіледі. Сондай кітаби ақындық мектептің ірі өкілі, діни ағартушы ақын Шәді Жәңгірұлы. Шәді әуелі Шаян медресесінде Сейітахмет ишаннан діни білім алса, одан кейін оның ұлы Аппақ ишанға мүрид болған.

Мақаламызда патша үкіметінің қазақ даласында жүргізген рухани отарлау саясаты мен оған қарсы қаламын қару еткен Шәді шайырдың артына қалдырған діни-ағартушылық мұрасы «Назым Сияр Шәриф» дастаны талданады. Сондай-ақ, Шәдінің ұстазымен рухани байланысы, ұстазының ақынның шығармашылық жолына тиігізген әсері талдауға негіз болмақ.

Түйін сөздер: діни ағартушылық, кітаби ақын, діни дастан, қазақ әдебиеті, отаршылдық.

Кіріспе. Отаршылдық (колониализм) – бір мемлекеттің басқа бір елді немесе аумақты экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан бағындырып, бақылау орнатуы. Бұл үдеріс әдетте отарланған елдің табиғи ресурстарын, жұмыс күшін және геосаяси орналасуын пайдалану арқылы отарлаушы мемлекетке пайда әкелуге бағытталады.

Отаршылдықтың басты белгілері: 1. Экономикалық қанау: Табиғи ресурстарды тартып алу, жергілікті халықты арзан жұмыс күші ретінде пайдалану. 2. Саяси үстемдік: Отарланған елдің билігі отарлаушы мемлекетке бағынышты болады, өз еркімен шешім қабылдау мүмкіндігінен айырылады. 3. Мәдени ассимиляция: Отарлаушы мемлекет өзінің тілін, дінін, мәдениетін отарланған халыққа күштеп енгізеді. 4. Әлеуметтік теңсіздік: Жергілікті халық кемсітушілікке ұшырап, екінші дәрежелі азаматқа айналады. Отарлаушы елдердің барлығының отарлау саясаты осыған бағытталады. Отаршылдықтың салдары көптеген елдер үшін ауыр болды. Экономикалық артта қалушылық, мәдени және ұлттық құндылықтардың жойылуы, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікке тап болады.

Осы отарлаудың ең қауіптісі мәдени отаршылдық. Өйткені мәдени-рухани отарлау кез келген халықты саяси жағынан да, экономикалық тұрғыдан да бағындыруға жол ашады.

Қазақстан Ресей империясының отары болған кезеңде халқымыз отаршылдықтың жоғарыда аталған барлық түрін басынан кешірді. Тарихқа үңілсек, ұлтымыз небір нәубәтті кезеңдерден өтті. Отаршылдық, тоталитаризм... Бірақ біз ұлт ретінде аман қалдық, енді халықтың тағдырындағы орны ойсыраған жерлерді толтыруымыз керек.

Отаршылдық құрсауынан шыққан біздің елдің жағдайында отаршылдықтан арылуға қатысты мәселелер әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология, тарих пен әдебиет салаларында ғылыми тұрғыда кеңінен талқылануы керек. «Өткеніңе жаңа көзқараспен қарау – өзіңді тарихтың объектісі емес, субъектісі, яғни басыңнан кешкен оқиғаларға жауап беретін актор ретінде көруің үшін керек» [1, 7], - дейді ғалым А. Мустояпова.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның гуманитарлық ғылым саласында біршама оң өзгерістер болды. Мұрағатта шаң басып жатқан мәдени мұралар жарыққа шықты. Халық Кеңес кезінде қуғындалған тарихи тұлғаларымен, олардың рухани мұраларымен қайта қауышты. Мәдени мұралары зерттеліп, зерделенді. Халық төл тарихымен табысып, ұлттың рухы оянды. Ұлттық идеологияның басында гуманитарлық ғылымдар тұратыны анық, ол қандай бағытта дамыса, елдің болашағы да сонымен байланыста жүретіні белгілі. Сондықтан ұлттың тарихы мен мәдениетін зерттейтін гуманитарлық ғылым саласына отарсыздану жүргізілуі бүгінгі күн тәртібіндегі басты мәселе. «Халықтың санасына сәуле түсіріп, ұлттық намысын оятатын ғылым салалары отарсызданбай, ел отарлық бұғаудың қамытынан толық құтыла алмайды. Өйткені санасы бодан, ойы тәуелді, әдісі бөтен жаннан еркін, салиқалы, тұрақты пікірдің туа қоюы қиын екені бесенеден белгілі» [2, 272], - деген ғалым Дархан Қыдырәлінің пікірі ойымызды қуаттайды. Отарлық кезеңде ұлттық сананың қалыптасуына әдебиеттің сіңірген еңбегі орасан. Осыған байланысты отарлық кезеңде жазылған көркем әдеби шығармаларды да отарсыздану тұрғысынан зерделеу аса маңызды. Өйткені ғасырлар бойы жүргізілген отарлау саясаты ұлттың жадында ұзақ сақталатыны белгілі. «Отарланушылардың үштігін құраған қазақ, қырғыз, өзбек халықтары тәуелсіздікке қол жеткізгенімен, отарлаушылар қалдырған зардаптан түбегейлі арылмағаны олардың әдебиеті мен мәдениетінен, тарихынан, тілдік қолданысынан байқалады. Ресей империясы жүргізген саясат, ғалымдардың зерттеуі бойынша, ел тарихындағы қатыгездікпен жүргізілген ең ауыр отарлау түріне жатады» [3, 118], - деп жазады зерттеуші Г. Ахметова. Сондықтан отарлық кезеңде жазылған рухани мұраларды постотарлық көзқараста пайымдау күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі деп ойлаймыз. Осындай жаңаша зерттеп-зерделеуді қажет ететін әдеби ағым өкілдері – діни ағартушы ақындар. Бұл шығармашылық өкілдері сол кезеңдегі қоғамда болып жатқан ауыр саяси-әлеуметтік күйзелістің салдарынан өмірге келді. Отарлаушы империяның ел арасында ашық түрде орыстандыру, шоқындыру саясаты белсенді жүргізіліп, қазақ халқының сан ғасырлардан келе жатқан сенімі шайқалып тұрған тұста, сол суық ызғарды қатарынан бұрынырақ біліп, түйсініп, оның азабын жан жүрегімен сезініп, орысшылдыққа түрікшілдікті, христиандыққа ислам дінін қарсы қару етіп шабуылға шыққан ақындар осы кітаби ақындар еді. Мұндай тұлғаларды сол өздері өмір сүрген дәуірден бөліп қарауға болмайды. Өйткені бұлар өз кезеңіндегі қоғам сұранысынан туған, өз дәуіріндегі рухани қажеттілікті мейлінше өтеп, міндеттерін адал орындаған ақындар. Осы аталған ақындардың ішінде шығыстың озық үлгілі әдебиетінің нәзирагөйлік дәстүрін берік ұстанған, сан алуан тақырыптарда жырлап, көптеген дастандар тудырған Шәді Жәңгірұлының орны ерекше. Он сегіз кітап жазып, оның бірталайын Ташкент, Қазан, Орынбор баспаларынан шығарған Шәді ақынның әдеби мұрасын насихаттаудың маңызы зор.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Кітаби ақындар шығармашылығын арнайы зерттеген зерттеу еңбектері бар. Кеңес дәуірі кезінде Шәді Жәңгірұлы шығармашылығын зерттеген ғалым Н. Келімбетовтің «Шәді ақын» еңбегін ерекше атаймыз. Ж. Әбдіғаппарова «Шәді Жәңгірұлының діни, тарихи дастандары» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, 2011 жылы «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Шәді ақын» атты монографиясын жариялады, Діни тақырыпқа қатысты жазылған еңбектер өз алдына бір дүние.

Постотарлық көзқараспен өткенге көз жүгірту, пайымдау жасау бүгінгі гуманитарлық ғылым саласы үшін маңызды. Бұл мақаламыз сол бағытта жасаған қадамдарымыздың бірі деуге болады. Осы зерттеу мақаланы жазу барысында постколониалдық зерттеулерді де қарастырдық. Постколониализм теориясы туралы сөз қозғағанда есімізге түсетін әйгілі ғалым Эдуард Саидтың «Orientalism» (Ориентализм) [4], Қазақстанның отаршылдықтан арылу мәселесі жөнінде зерттеу еңбегін жазған Айнаш Мустояпованың «Бұғауды бұзған қазақ даласы» [1] еңбектері талдауымызды тереңдетуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, зерттеу мақаламызға Шәдінің 1914 жылғы Ташкент қаласынан шыққан нұсқасы негізінде 2003 жылы Алматы қаласы, «Арыс» баспасынан қайта жарық көрген «Назым Сияр Шәриф» атты еңбегін пайдаландық.

Зерттеу мақаланы жазу барысында алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін объективті-аналитикалық, тарихи-салыстырмалы сипаттау, жинақтау әдіс-тәсілдері қолданылды. Патша империясының қазақ даласына жүргізген отарлық саясатына қарсы қаламын қару еткен Шәді Жәңгірұлының дінді сақтау жолында жанқиярлық еңбегін постотарлық көзқараста пайымдау мақаланың басты мұраттарының бірі.

Талқылау мен бақылау. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті терең мән беруді, ерекше зерттеуді қажет ететін, сан алуан көзқарасты, бірнеше бағыттарды топтастырған көп қырлы әдебиет. Қазақ халқы бұл кезеңде аса ауыр әлеуметтік – экономикалық, рухани дағдарысты басынан өткерді. Ұлттың басына түскен бұл жағдай көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың, интеллигенцияның әр түрлі дүниетанымдық көзқараста өсіп жетілуіне әсерін тигізді.

XX ғасырдың басы қазақ халқы, қазақ қоғамы үшін тарих сахнасында қалу мәселесі басты назарда болып, алмағайып, күрделі халді бастан кешкен тарихи кезең болды. Осы кезеңге отарлаушылардың отарлық саясаты шегінен шыққан қысым болып жетті. Бұл дәуірге хандық дәуір тұсындағы шаруалардың өктем үні әлсін-әлсін жетсе, жыраулық үн қайта оянып, елді ояту сарынына айналып, қайта күшейіп жетті. Халықтың санасын ояту, азаттыққа үндеу – отар ел ақындары үшін оңай болмағаны анық. Астарлай айту, ажарлап айту, тәмсілдеп айту сияқты қазақ қаламгерлері ойды жеткізудің сан-алуан тәсіліне барды. Бұл кезеңдегі әлеуметтік жағдайдың сан алуандығы сияқты XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті де барынша күрделі болатын себебі сондықтан. Өйткені Ресей билігі қазақ халқын XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап мәдени отарлауды мықтап қолға алған еді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысына дейін патша үкіметі ислам дінін қазақ даласында Ресейдің ықпалын арттыру құралы, халық санасына әсер етуші күш ретінде қолданды. Сол кезеңде қазақ жерінде патша үкіметінің қолдауымен салынған мешіттер пайда бола бастады. Бұл әрекет отарлаушы биліктің империялық саясатының түпкі мақсатын көлеңкелеу еді. Бұл жайында ғалым Досай Кенжетай былай деп жазады: «Патша үкіметі қазақ даласына мешіт, медреселер салып, қазақтардың діни істерін Орынбор діни басқармасына қаратып, ислам дініне еш қарсы келмейтінін, керісінше, қолдау көрсететінін танытқан еді. Алайда бұл негізінен қазақты тарихи тамыры мен мәдени, өркениеттік ошақтарынан ажырату әрекеті еді. Неге? Себебі, өздеріне адал, берік молдалар арқылы қазақты отарлауды мақсат етті» [5, 10].

Ол кезеңдегі қазақ даласындағы негізгі білім көзі – мұсылманша оқу еді. Діни сауатын ашып, жоғары деңгейде білім алуды көздегендер Бұхараға барып оқитын еді. Бұхарада білім алғандар халық арасында ерекше бедел мен құрметке ие болатын еді. Сондықтан да халық арасында мұсылманша білім алу ісі жалғаса берді. «Орта Азиядағы мұсылмандық медреселерде білім алып, өз заманында білікті атанған діни оқымыстылардың саны көбейіп отырды» [6, 17]. Керісінше Ресейдің оқу орындарын бітірген, орысша білім алған қазақ жастары қоғамда сол кездері аса сұранысқа ие болмағаны туралы деректер кездеседі. Тарихшы ғалым З. Садвокасова өзінің зерттеу мақаласында миссионер, шығыстанушы ғалым Н.Н. Ильминскийдің 1871 жылы 11 наурыздағы Орынбор өлкесінің «бұратаналарға» арналған мұғалімдер мектебін құру туралы баяндамасында келтірген мына пікіріне назар

аудартады: «Я заметил в степи, что киргизские юноши, получившие и довольно усвоившие русское образование в кадетском корпусе, остаются как-то одиноко и бесприютно среди киргизского народа, их русским идеям никто не сочувствует и не подражает» [7, 1762]. Н. Ильминскийдің пікірін бағамдасақ, сол кезеңдерде орысша білім алған қазақ жастарының халық арасында аса ықпалы болмады, ал азаматтық билік пен қоныс аударушылар бұратана халықтан шыққан білімді жастарды қажет етпеді.

Ал мұсылман оқу орындарының түлектеріне қатысты жағдай мүлде басқаша болды. «Орыс шенеуніктері қырғыздардың (қазақтардың) ауқатты балаларының Бұхара және татар медреселерінде білім алғанын атап өтті. Олардың пікірінше, жастардың алған мұсылмандық білімі қазақтарға «зиянды» әсер етіп, олардың арасында ислам дінін күшейтті. Бұл түлектер қырғыздар (қазақтар Ж.Ә.) арасында ерекше құрметке ие болды және оның әрбір сөзін құрметпен тыңдайды. Осындай «молдаға» балаларын беруге мүмкіндігі бар қырғыздар өздерін бақытты санайды» [7, 1763]. Сөйтіп отарлық биліктің астыртын саясаты ақталмады. Ел арасындағы діни сауатты молдалар патша үкіметінің «сенімін ақтамады». Қазақ даласын отарлауда ислам діні басты кедергі екенін түсінді. Өйткені дін – халықтың сенімі мен қатар ұлттық тұтастықты ұстап тұратын күш еді. Тарихшы ғалым С.Мәшімбаев патша үкіметінің қазақтарды діни отарлау ісін зерттеген еңбегінде: «Отарлаушылар ислам діні шын мәнінде ұлттық тұтастықты ұстап тұратын ғаламат күш екенін түсінді. Дінсіздік – сананы мәңгірттікке әкеліп, жат өркениетке бас игізіп, мәдени-рухани ассимиляцияға ұшыратып, надандыққа қалдырып, халықты ұлтсыздыққа душар ететін өте қауіпті дерт екенін жақсы білді. Міне, осыдан Ресейдің шоқындыру мен орыстандыру саясатын қалыптастырудағы басты мақсаты осындай болды» [6, 18] деп жазады.

Сондықтан Н. Ильминский бастаған отаршыл үкіметтің миссионер ғалымдары қазақ халқын орыстандыру мен шоқындырудың жаңаша әдісін ойластырған еді.

Патшалық Ресейдің қазақтарды шоқындыру жоспары іс жүзінде 1868 жылдан басталып, 1892, 1898, 1902 жылдары кезең-кезеңімен іске асыратын бағдарлама жасалды деп жазады тарихшы Бекен Қайратұлы. «Аталмыш құжатта: «Бұратаналарға бұдан кейін өмір сүретін жол қалмауы керек. Жер бөлісі барысында олардың біразы көрге кіреді, екінші тобы христиан дінін қабылдап, орысқа айналады, көнбегендері тұқымы қалмай құриды...», деп атап көрсеткен. Бұл істі атқару Николай Иванович Ильминский бастаған миссионерлерге жүктелді және бұл адамға Орынбор шекаралық комиссиясының бастығы В.В. Григорьев орыс әліпбиін қолдану арқылы қазақша оқулық дайындауды тапсырады. Сөйтіп, қазақ даласында шоқындыру арқылы отарлау ісін жүргізуді жүйелі түрде іске асыру мақсатында, 1868 жылы ереже қабылданып, келесі 1869 жылы Мәскеуде миссионерлер қоғамы ұйымдастырылады. Олар бодан ұлттарды орыстандырып, шоқындырудың нақты іс жоспарын талқылап, жүзеге асыруды ұсынды» [8].

Бұдан В.В. Радлов сияқты ғалымдардың қазақ жеріне келуіне, ислам және қазақ арақатынасы мәселесіне белгілі дәрежеде Ресейлік ресми саясат ықпал еткені анық аңғарылады. Ғалым Д. Қамзабекұлы өзінің зерттеу еңбегінде академик А.Н. Кононовтың мына пікіріне назар аудартады: «Ресей империясының шығыстың шеткері аймағын саяси экономикалық тұрғыдан игеру үшін онда тұратын ұлттар мен ұлыстарды православ шіркеуіне бет бұрғызу мақсатында оларды алдын-ала «идеологиялық игеру» қажет болды. Мұны орындауға арнайы даярлық курсынан өткен, баратын жерінің тілін, тұрмыс-салтын меңгерген православ миссионерлері жұмылды» [9, 24].

Ресей империясының өзінің қарауында болған халықтардың сенім тірегі болған ислам дінінің тамырын қырқуға бағытталған мұндай жымысқы саясатының өте жүйелі жүргізілгенін академик Р. Бердібай да растайды: «Патшалық Ресей дәуірінде Қазақстан туралы қалам тартқан миссионерлер жергілікті халықты ислам дінінен айыру қажет деп қаншама зерттеулер жазғанын қазіргі жұртшылық мүлде дерлік білмейді. Мәселен, қазақ жерінде көп жылдар қызмет істеген А. Алекторовтың барлық кітаптарының негізгі сарыны қазақтарды ислам дүниесінен бөліп тастау ниетіне бағындырылған. Қазақстан жайында XVIII-XIX ғасырларда пікір айтқан саяхатшылардың, дипломаттардың,

географтардың, тарихшылардың көбінің еңбектерінде исламды құбыжық етіп көрсету – негізгі сарындардың бірі...» [10, 332].

Ежелгі дәуірлерден бері әдебиеті мен мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі ислам құндылықтарымен суарылып, біте қайнасқан қазақ халқы үшін XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың басында бір ғана ұлы міндет тұрды. Ол – ұлттың рухын жойып алмау еді.

Міне, осындай рухани отарлау күшейе түскенде, қазақ даласында «мұсылмаңдық қозғалыс» жанданды. Мешіт ашып, медресе салдыру ісі өрістеді. Түркістан өңіріндегі атақты ағайынды ишандар Қосым мен Құлатай іргесін қалаған Шаян мешіт-медресесінің бой көтеруі 1845 жылдарға сәйкес келеді. Уақыт өте келе бұл дін орталығына білім алушылардың сұранысы артқандықтан Қосымның ұлы Сейдахмет ишан мешіт-медресенің құрылысын қайта жандандырып, орталықтың аумағын кеңейтуді ойластырды. Мешіт-медресе құрылысын Сейдахметтің ұлы Аппақ Ишан мен інісі Мәді екеуі 1884 жылы толық аяқтап, Қазақстанның түкпір-түкпірінен жаңа оқу орны Шаян медресесіне талапкерлерді қабылдай бастады [11, 16]. Бұл мешіт-медресе сол кезеңде қазақ даласындағы ең ірі діни білім беретін оқу орындарының бірі саналды.

Дәл осы кезеңде жазба насихат та күшейді. Пайғамбардың өмірін, Құранның аят-хадистерін аңыздарын, Шәкір-Шәкірат, Хасен-Хусайын, Қадиша қыз, Хазірет Әлі жорықтарын, төрт шадияр, отыз үш мың сахабаны жырлаған кітаптар көптеп жазыла бастады. Дәл осы кезеңде қазақ жерінде діни-тәлімдік туындыларды халық игілігіне жарата бастағаны айқын сезіледі. XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін Ташкент, Қазан қалаларындағы баспаханаларда жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптардың көпшілігі діни тақырыпты қамтыды. Ш. Елеуқенов, У. Субханбердина, Д. Сейфуллина, Ж. Шалғынбаева сынды кітаптанушы ғалымдардың қазақ кітабының тарихына арналған зерттеулері соны айғақтайды. Ш. Елеуқенов пен Ж. Шалғынбаеваның еңбектерінен мынадай құнды мәлімет келтіруге болады. Олар қазақ кітабының тарихын (1807-1867, 1867-1900, 1900-1917) деп үш кезеңге бөледі. «Бұл репертуардан аңғаратынымыз – бірінші кезең басылымдарында діни және Шығыс фольклоры тақырыптары басым» [12, 81]. Ғалымдар кітап өнімінің екінші кезеңі жайында: «...XIX ғасырдың екінші жартысында басылған кітап өнімінде Шығыс фольклоры мен діни әдебиеті жетекші орын алады. Бұдан қазақ зиялыларының Шығыс рухани қазынасын неғұрлым толық игеруге ұмтылғандары байқалады» [12, 108], – деп жазады. Кітап шығарудың үшінші сатысында да, діни әдебиеттердің саны ұлғайып отырғанын айтады ғалымдар. Бұл айтылған мағлұматтардан өткен ғасырдың алғашқы жартысына дейін жарық көрген қазақ кітаптарының басым бөлігі діни кітаптар, Хақ дін Исламды насихаттайтын әдебиеттер екеніне көз жеткіземіз. Мұндай кітаптардың соншалықты көп таралыммен шыққанына мән беріп қарайтын болсақ, қазақ оқырманының да шарият жолын ұғындыра білетін еңбектер мен діни қайраткерлер туралы ел арасына кең тараған аңыз-әпсаналардың негізінде жазылған қисса дастандарға деген сұранысы жоғары деңгейде болғанын байқаймыз.

Бұл кезеңді А. Байтұрсынов «діндар дәуір» әдебиеті деп атайды. «Діндәр дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып соған еліктеуден пайда болып отыр. Бастапқы жазба әдебиетінің бас мақсаты - дінді жаю, дінді күшейту» [13, 306] деген пікірі қазақ әдебиеті тарихында жазба әдебиеттің көш басшылары осы кітаби ақындар дегенді меңзейді.

Нәтижелер. Кітаби ақындар мектебінің ірі өкілі Шәді Жәңгірұлы. XX ғасыр басындағы кітаби ақындардан Шәді Жәңгірұлы да көп ерекшеленбейді. Өмір сүрген уақыты солармен дәуірлес, ниеттес, мүдделес болғандықтан осы ақындардың дәстүрлі жолымен жүріп отырады. Шәді Жәңгірұлы шығыстың озық үлгілі әдебиетінің нәзирагөйлік дәстүрін берік ұстанған, қазақ поэзиясындағы белгілі тақырыптармен сюжеттерді өзінше жырлап идеясы мен мазмұны тұрғысынан мүлдем жаңа, төл туынды жасаған ақын.

Шәді Жәңгірұлы 1855 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген. Алғаш ауыл молдасынан діни сауат ашады. Шәді кейін Шаян

медресесіне барып, әуелі Сейт Ахмет ишанға (Сейтжан мағзымға), ол кісі дүниеден өткен соң оның баласы Аппақ ишанға қол беріп, мурид болған. Шәді Шаяннан соң Қарнақта, одан соң Бұхарада білім алды. Онда Ислам құндылықтарымен жақыннан танысып, болашақ шығармаларына арқау болатын діни қағидаларды жақсы меңгереді.

Ақынның баспа көрген бір қатар кітаптарымен әлі жарыққа шықпаған шығармалары Қазақстан Республикасы академиясының орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. Сондай қолжазбалардың бірінде Шәді Жәңгірұлының баспадан шыққан кітаптары мен баспаға берілген қолжазбаларының тізімі берілген.

Шәдінің шығыс әдебиетіне, оның ішінде ислами әдебиетке ықылас бөлген кезі Ташкент, Бұқара медреселерінде оқып жүрген кезі болса керек. Өлең өнерімен бала кезінен қабілеті бар ол бертін келе төселе түседі.

Шәді медреседе оқыған ислами пәндерінің негізінде дастандар жазып отырған. Мысалы, медреселерде оқылатын Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өміріне (Сиярун-наби) «Назым Сияр Шәриф» дастанын жазса, ислами фәлсафаға «Ахуал қиямат» дастанын, шариғат іліміне «Фикһ Кайдани» шығармасын, пайғамбарлар өмір тарихына (Қиссасул әнбия) «Ибраһим пайғамбардың хикаяты», «Хазірет Мұса мен Перғауын», «Дәуіт уақытындағы рәйіс» сияқты шығармаларын жазған. Осындай діни дастандар жайында М. Әуезов «...Діни өлеңдердің, қиссалардың, көбінің сарыны шеттік болудан басқа мазмұндары да түгелімен мұсылман ғылымынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер. Сондықтан оларды тексеріп, ұғынып түсіну үшін жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қарап тон пішу керек емес, әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелгі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек» [14, 10] – дейді.

Діни дастандардағы тарихи шындық пен көркемдік уақыт бірлігі жағынан үйлесетін шығармалардың негізгі бөлігі Пайғамбарлардың ұлығы Мұхаммед (с.ғ.с.) мен оның сахабалары жайында болып келеді. Мұхаммед (с.ғ.с.) – Жаратушы Алланың сүйікті құлы және адамзатқа жіберген елшісі.

Шығыс классикалық әдебиетінде, соның ішінде ислам әдебиетінде Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың өмірі туралы көптеген шығармалар дүниеге келді.

Қазақ әдебиеті тарихында Мұхаммед Пайғамбар мен оның сахабаларына арналған дастандар өзіндік гуманистік, поэтикалық – эстетикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Қазақ даласында пайғамбарды дәріптеп, оның өнегелі ғұмырын жыр, дастанға қосушы ақын-шайырлар аз болмаған. Бүкіл түркі жұртына сопылық ілімнің негізін салушы және оны таратушы Қожа Ахмет Иасауи бабамыз:

Он сегіз ғаламға даңқы шыққан Мұхаммед,
Отыз үш мың сахабаға басшы болған Мұхаммед [15, 35], –
деп, Пайғамбарымыздың өнегелі істерін жырға қосады.

Осындай Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өмір жолын баяндайтын көлемді туындының бірі Шәді Жәңгірұлының «Назым Сияр Шәриф» атты дастаны. Зерттеушілердің көрсетуінше, Сияр – жол, шәриф – түзу, қасиетті – деген мағынаны береді. Шәдінің діни дастандарының ішіндегі ең көлемді, әрі маңызды шығармасы – осы «Назым Сияр Шәриф» дастаны деуге болады. Бұл дастан бастан – аяқ Мұхаммед Пайғамбардың өмір жолына арналған. Ақынның бұл шығармасы ХХ ғасырдың басында Ташкент, Қазан қалаларында бірнеше рет жарық көрген. Кешегі Кеңес заманында қайта баспа көрмеген. Бірақ араға бірнеше жылдар салып, 1995 жылы Алматыдағы «Санат» баспасынан ф.ғ.к. доцент Оңайбек Құдышұлының құрастыруымен қайта жарық көрді. Алайда, мұнда ақын еңбегі толығымен берілместен, құрастырушы тарапынан буын саны, сөйлем құрылыстарына бірқатар өзгерістер енгізіліп, едәуір қысқартылып берілген.

Жоғарыда айтқанымыздай біз зерттеу еңбегімізге Шәдінің 1914 жылғы Ташкент қаласынан шыққан нұсқасы негізінде 2003 жылы Алматы қаласы, «Арыс» баспасынан қайта жарық көрген «Назым Сияр Шәриф» атты кітапты пайдаландық.

Шәді ақынның «Назым Сияр Шәриф» дастаны шағатайша жазылған. Сондықтан да шығармада араб, парсы сөздері көп орын алған. Профессор Б. Кенжебаевтың пікіріне жүгінер болсақ, бұл тіл ортағасырлық әдебиет тілі болған.

Шайыр бұл шығармасын оқырманға тартымды етіп жазған. Сонымен қатар ақын шығарманың көркемдігінен гөрі мағлұматты жеткізу жағына көбірек көңіл бөлген сияқты. Дастаннан ақынның аңыз-әпсанаға тән көркемдік элементтерін пайдаланған белгілерді жиі кездестіреміз. Әрі аңыздық желіге құрылған жерлері де аз емес. Ал «Аңыздың мақсаты – бір фактіні, тарихи оқиғаны хабарлап, ол туралы тыңдаушыға мәлімет беру. Демек, аңыздың қызметі (функциясы) – танымдық, мағлұматтық [16, 153], – деген ғалым С. Қасқабасовтың пікірі біздің ойымызды нақтылай түседі.

Дастанда Пайғамбардың дүниеге келгенінен бастап, оның қасиетті өмірінің соңына дейінгі оқиғалар рет-ретімен тақырыпшаларға бөлініп берілген. Діни аңыз, әпсаналарға тән ортақ қасиет – елге еңбегі сіңген діни қайраткерлердің есімдері мен артында қалған еңбектерін әсірелеп мадақтау арқылы адамзаттың Жаратушыға сенімін арттыру. Халық арасында діни сенімнің сақталуына ғибраты мол діни аңыз-әпсаналардың үлесі мол.

Дастанның алғашқы бөлімі алдымен Жаратушы Алланы дәріптеумен басталады да, сосын Құрандағы ең алғашқы түскен «Фатиха» сүресінің мән – мағынасын ашады.

Өзінің Құдіретімен Қадыр құда,
«Әл – хамд» деп бұл сүрені қылды ибтида.
Өзгеден мәртебесін жоғары етіп,
Ат қойды «Фатихатул – Китәб» мунға [17, 3].

Арабша мағынасы – бұл сүре кітаптардың ашушысы деп көрсетеді шайыр. Яғни «Фатиха – салауаттың сүресі». Фатихасыз намаз да оқылмайды. Барша адамзат бұл сөзден тәлім алып, Фатиханы көбірек айту керектігін ескертеді.

Тағы назар аударарлық жәйт, ақын бұл шығарманың негізін «Сира Расул Аллаһтан» алғанын да тілге тиек етеді. Бұл дастанды жазуға себеп болған жайды былай баяндайды.

Жазбақта бұл кітапты бір себеп бар,
Айтайын ақиқатын айлаб изхар.
Өзімді уақытымдағы құтыб заман,
Бар еді али насаб бір бөзоргуар.
Мүбарак есімі пәк Сейіт Ахмет,
Ғылымхал, ілімхалге болған ұстаз.
Қожа Ахмет сұлтанымның мәхкүмінде,
Хусейіннің әулеті еді ол нику зат [17, 5].

Бір күні ол маған айтты: «Расулдың оқиғасы сирада бар. Әр тілде жазылғандықтан, түркі жұрты біле бермейді. Сіз сол кітапты назым етіп жазыңыз, – деп қолқа салғанын айтады. Осында аты аталып тұрған Сейіт Ахмет Шәдінің ұстазы яғни Аппақ ишанның әкесі Сейіт Ахмет ишан екені анық. Сондай-ақ, Шәді жырда ұстазының Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанғанын анық айтып тұр. Шайыр жазған бұл жолдар Сейт Ахмет ишан да, оның баласы Аппақ ишан да, оларға мүрид болған Шәді Жәңгірұлы да Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хақ жолын ұстанғандығын айғақтаптайды.

Шайыр үлкен ғұлама ғалымдардың тісі батпайтын мұндай жауапкершілігі мол істі мойнына алғаным қалай болар екен, егер де сөз мазмұнын біле алмай қателік жіберсем, азапқа душар болмаймын ба? – деп өз ойын айтады.

Ол ғазиз маған қарап айтты және:
«Назым еткін мен бергенім рұқсат санға,
Көңіліңе күмән келген оқиғаның.
Қалдырғын назым етпей бәрін хәме,
Зәрредей өз көңіліңнен қоспа зинһар
Назым айла хикаяны кітапта бар [17, 6].

Шайыр осылай үлкен жауапкершілікті мойнына алып, тәуекелге бел байлап, «Назым Сияр Шәриф» дастанын жазады. Аз уақытта дастанды дайын қып, ұстазына апарып, бастан - аяқ оқытады.

«Дұрыс» деп маған қылды көп ілтипат,
Айлады ғамды болған көңілім шат.
«Ілгергі ғазиздердің оқиғасын,
Назым ет», – деп осы түрлі берді рұқсат [17, 6].

Міне ұстазының ақ батасын алғаннан кейін шайырдың көңіліне қуаныш еніп, бұл жолға талап етіп қадам басып, бұдан кейін басқа да пайғамбар, әулиелер жайында түркі тілінде керемет шығармалар тудырады. Шәдінің ұстазы Сейіт Ахметтің талантты шәкірті Шәдіге мұндай жауапкершілік артуының өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден Шәдінің ақындық қуатын бағалаған болса, екіншіден оның діни сауаттылығын ескерген, үшіншіден Пайғамбардың өмір жолын жырлау үшін ақындықпен қатар рухани кемелдік те қажет, ұстазы Шәдінің бойынан ол қасиетті де көрген болса керек. Сондай-ақ, Шәді сол заман оқырмандарының тілінде барынша ұғынықты етіп жаза білуінде еді. Бұл пікірімізді шығыстанушы ғалым, көне қолжазбалар маманы Мақсұт Шафиғи де растайды. «Бір кездері жырды жалпы жұрт оңай түсінетін болса, арада бір ғасыр өтіп, жаңа ұрпақ ауысқанда әлгі жырдың көп сөзі архаизмге айналады. Сосын рухани мұраны қайтадан көпшіліктің танымына лайықтау үшін діни сауаты бар жыршылар қайта жырлайды. Оны Шәді төренің «Назым Сиярынан» байқауға болады... Оған да сол замандағы ишан-қожалар «мынау пайғамбардың сиярының тілі күрделеніп кетті, жас буын оны түсіне алмайды. Сен осыны қарапайым тілде қайта жаз» деп айтқан. Ол сол замандағы жырдың мақамына, буын түрлеріне, өлең құрылысына лайықтап жазып шыққан» [18, 8] деп жазады. Бұдан сопылық жолға тән ұстаз бен шәкірт арасындағы терең рухани байланысты көре аламыз. Сейіт Ахмет ұстазы Шәдіге рухани білім берумен қатар діни шығармашылық жолына да даңғыл жол салып бергенін дәлелдейді. Өйткені сол кезеңдегі халыққа дінді құрғақ уағызбен жеткізуден гөрі өлеңмен, жырмен насихаттау әлдеқайда өтімді екенін жақсы түсінген. Алла елшісінің өнегелі өмірі мен кемел қасиеттерін үлгі қып ұлықтайтын көркем сөз өнері ежелден-ақ қалыптасқан дәстүр еді. Осы жолда Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Мәулана Руми, Жүніс Әміре, Физули сынды шайырлар пайғамбардың бейнесін халық жүрегіне терең орнығып, санасына сіңіруіне ықпал етті. Шәді де ұлылар салған дәстүрді өз кезеңінде жалғастырды. «Назым Сияр Шәриф» дастаны арқылы Шәдінің Ислам тарихы мен құндылықтарын, Шығыс әдебиетінің ежелден келе жатқан сарындарын бойына сіңіргенін көре аламыз. Ақын өзінің дастаны арқылы ақтық демі шыққанша «Үмметім» деп өткен пайғамбарымыздың өнегелі өмірі мен істерін халыққа насихаттайды. Бұл дастан Мұхаммед пайғамбардың өмірін қамтып, пайғамбардың жарқын бейнесін шынайы суреттеген туынды ғана емес, сонымен қатар шайырдың адамгершілік, әділдік, ізгілік жайындағы ойлары да қамтылған. Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» шығармасы 1914 жылы Ташкентте жарық көрді, одан кейін Қазан қаласында бірнеше рет қайта басылды. Бірнеше рет басылуының өзі халықтың бұл шығармаға деген сұранысының жоғары болғанын аңғартады. Ғалым Әшірбек Муминов тілімен айтсақ: «Шәді Жәңгірұлының төрт жүз беттен тұратын «Назым Сияр Шәриф» дастаны көшпенді қазақ жұртының рухани шөлін қандырды» [18, 4].

Екі дүниенің шамшырағы пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.)-ды шығармасына арқау еткен Шәді шайырдың шығармашылық ғұмыры да ұзақ болатыны ақиқат. Шайыр «Назым Сияр Шәрифтен» кейін Ибраһим пайғамбар жайында «Ибраһим пайғамбардың хикаяты» деген дастанын жазды.

Қорытынды. Шәді Жәңгірұлының қаламынан туған діни қисса-дастандардың әрқайсысының өзіндік терең философиясы бар. Шайырдың әр шығармасын оқи отырып, оның өмірде адалдықты, ізгілікті, шынайылықты, ақыл-білімді, баянды нәрсені насихаттағанын аңғарамыз. Сонымен бірге Шәді ислам дінін өте берік ұстанған, оның қырсырын терең меңгерген ғұлама. Қосым ишан қалаған, оның баласы Сейіт Ахмет мағзым аяқтатқан, оның баласы Аппақ ишан мұрид тәрбиелеген Шаян медресесі Орта Азияға аты мәшһүр Шәді Жәңгірұлы секілді ғұламаны шығарған білім ошағы. Патшалық Ресейдің дінге қарсы отаршылдық саясатына қаламын қару еткен Шәді шайыр «Құдайсыз қоғам

күруға» кіріскен Кеңес өкіметі билігінің қуғынына ұшырайды. Өйткені Кеңес өкіметі өзінің саяси идеологиясын орнату үшін алдына тосқауыл болатын кез келген топты, қажет болса жеке адамды жолынан ысыру керек болды. Ол топқа жататындар – байлар, үстем тап ретінде олардың көзін жойды, екінші – қоғамды прогреске жетелейтін қазақтың оқыған зиялы адамдары, оларды да қуғынға ұшыратты, үшіншісі – дін өкілдері еді, оларды да негізсіз жазалап, қоғамнан аластатты. Өкінішке орай 1930 жылдары ақынды «ханның тұқымы», «молда» деп айыптап қудалаған соң, жан сауғалап Өзбекстанға кетеді. 1933 жылы сол жақта көз жұмды.

Эдуард Саид Батыстың Шығысты қалай қабылдайтынын тұжырымдай келе, Еуропа үшін Шығыс, мәдени бәсекелес әрі Өзгелер деп қарастырылатын бейнелер. Шығыс оларға контраст болу арқылы Еуропаға (Батысқа) өз бейнесін, болмысы мен бірегейлігін (айдентикасын) анықтауға көмегін тигізді деп тұжырымдайды [4]. Дәл сол сияқты Отарлаушы Ресей билігі де қазақ халқын ата-баба дінінен айыру үшін неше түрлі қитұрқы амал жасаса да, елдің діни сеніміне сызат түсіре алмады. Керісінше сондай қысымның себебінен қазақ даласында діни әдебиет дамып, діни ағартушы ақындар мектебі қалыптасты, қаншама жауһар туындылар өмірге келді. Ислам әлеміне таныс хикаялар қазақ ақындарының қаламынан қайта түледі. Ол жырлардың тілдері шұрайлы, оқиғалары қызықты бейнеленді. Сондай-ақ, қазақ халқының танымы мен түсінігіне бейімделіп, ұлттық мәдениетімізге сай жырланды. Шәдінің «Сияр Шәрифінен» бұл анық көрінеді. Осы шығармалар қазақ халқының ертеден - ақ ислам өркениетімен байланыста өмір сүрген ұлт екенін анық дәлелдеді.

Сондықтан бүгінгі таңда өзімізге, ұлтымыздың әлеуетіне деген сенімімізді арттыру үшін бабаларымыздан қалған рухани мұраларды зерттеп, зерделеп, насихаттап отыру өте маңызды.

Әдебиеттер

1. Мустояпова А. Бұғауды бұзған Қазақ даласы / Аударған Ханетова А. – Алматы: AmalBooks, 2022. – 268 б.
2. Қыдырәлі Д. Ұлы дала тарихы. Астана, Ғылым. 2018. – 432 б.
3. Ахметова Г.М. Арслан Койчиевтің «Бақсы мен Шыңғыс хан» романындағы постколониалды сана және фольклоризмдер қолданысы// Ясауи университетінің хабаршысы. №2 (132). – 2024. – Б. 115–129. DOI: <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.48>
4. Edward W. Said. Orientalism. – New York: Pantheon Books, 1978. – 368 p.
5. Кенжетай Д. Кеңестік зобалаң және ишандар: Созақ және Шаян құбылыстары. Аппақ ишан Сейдахметұлының 160 жылдығына арналған «Қазақ жеріндегі дін ғұламаларының ілімі және мұралары» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Түркістан, 2024. – Б. 9-20.
6. Мәшімбаев С.М., Мәшімбаева Г.С. Патшалық Ресей және Кеңес империяларының Қазақстандағы рухани отарлау саясатының зардаптары (XIX ғасырдың 70-80 жылдары – XX I ғасырдың басы). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 268 б.
7. Sadvokassova, Z.T., Kabuldinov, Z.Ye., Lysenko, Y.A. Factors Hindering Distribution of Orthodoxy among the Kazakhs in the second half of the XIX – early XX centuries. *Bylye Gody*. 2022. 17 (4). – P. 1759-1769. DOI: <http://dx.doi.org/10.13187/bg.2022.4.1759>
8. Қайратұлы Б. Қазақ даласындағы шоқындыру мәселесі. <https://alash24.kz/news/13942> .
9. Қамзабекұлы Д. Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар. (ағартушылық кезең): филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2002. – 365 б.
10. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы / Бес томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 496 б.
11. Айтқожақызы Л. Аппақ Ишан Ата. – Алматы: Arna-b, 2021. – 470 б.
12. Елеуқенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы. – Алматы: Санат, 1999. – 192 б.
13. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. I. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

14. Әуезов М. XX томдық шығармалар жинағы. 20 т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
15. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. – Тегеран: Әл-Хұда, 2000. – 235 б.
16. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 260 б.
17. Шәді төре Жаһангерұлы. Назым Сияр Шәриф. Өлеңмен жазылған Пайғамбардың тарихы. – Алматы: Арыс нашарияты, 2003. – 384 б.
18. Сияр Шәріп. (Пайғамбар жолы) Отбасы Хрестоматиясы. Алматы, Отбасы хрестоматиясы. 2019. – Б. 3-9.

Ж.Ж. АБДИГАПБАРОВА

Назарбаев университет, Астана, Қазақстан

ПОЛОЖЕНИЕ РЕЛИГИИ В КОЛОНИАЛЬНЫЙ ПЕРИОД И ДАСТАН ПОЭТА ШАДИ «НАЗЫМ СИЯР ШАРИФ»

Аннотация. В конце XIX и в начале XX века в казахской литературе особое место заняла религиозная тема, воспевающая мусульманство. Основной причиной этому стало усиление политики колонизации, проводимой царским правительством. Политика колонизации осуществлялась путем массового переселения крестьян на казахские земли. Наряду с этим активизировалась работа по усовершенствованию путей установления власти и подавления местных жителей, а также духовной колонизации, обращения коренного населения в чужую веру.

Чтобы защититься от подобных действий колонизаторов, в казахской степи стало широко распространяться «мусульманское движение». Развернулась работа по открытию мечетей и строительству медресе. Также усилилась письменная агитация на религиозную тему. Стало появляться все больше произведений, в которых воспевалась жизнь Пророка и религиозных деятелей. Именно в это время заметен интерес казахского народа к духовно-просветительским произведениям.

Ярким представителем такой религиозной поэтической школы является духовный просветитель Шади Жангирулы. Первоначальное религиозное образование Шади получил в медресе Шаяна у ишана Сеитахмета, затем он стал мюридом (учеником) сына Сеитахмета Апшак ишана.

В данной статье анализируется религиозно-просветительское наследие Шади Шайыра «Назым Сияр Шәриф», где он выступает борцом против политики царского правительства по духовной колонизации в казахской степи. Анализируется духовная связь Шади со своим учителем и влияние учителя на его творческий путь в поэзии.

Ключевые слова: духовное просвещение, поэт, религиозный дастан, казахская литература, колониализм.

ZH. ABDIGAPBAROVA

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

RELIGIOUS SITUATION IN THE COLONIAL PERIOD AND THE EPIC “NAZYM SIYAR SHARIF” BY THE POET SHADI

Annotation. The religious themes glorifying Islam became prominent in Kazakh literature during the late 19th and early 20th centuries. The primary reason for this was the intensification of the Tsarist government’s colonial policies. These policies were implemented alongside the mass settlement of peasants on Kazakh lands, further reinforcing control over the local population and advancing spiritual colonization and baptism efforts.

To counter the activities of the colonizers, a “Muslim movement” emerged in the Kazakh steppe. Mosques were opened, madrasas were built, and written propaganda on religious topics gained popularity. Works celebrating legends about the life of the Prophet and other religious figures became

widespread. It is evident that during this period, religious and educational works in the Kazakh steppe were employed to benefit the nation.

A significant contributor to this book poetry school was the religious educator and poet Shadi Zhangiruly. Initially, Shadi received a religious education at the Shayan madrasa under Seyitakhmet Ishan and later became a murid for his son, Appak Ishan. This article examines the religious and educational legacy of the poet Shadi.

Our article analyzes the spiritual colonial policy of the Tsarist government and the religious and educational legacy of the poet Shadi, particularly, the epic “Nazym Siyar Sharif”, which was written against that policy. It also analyzes the spiritual connection between Shadi and his mentor, as well as his influence on the poet’s creative path.

Keywords: religious education, poetry, religious saga, Kazakh literature, colonialism.

References:

1. Mustoiapova A. Būğaudy būzğan Qazaq dalasy/ Audarğan Hanetova A. – Almaty: AmalBooks, 2022. – 268 b.
2. Qydyrāli D. Ūly dala tarihy. – Astana, Čylym. 2018. – 432 b.
3. Ahmetova G.M. Arslan Koichievtiñ «Baqsy men Şyñğys han» romanyndaғы postkolonialdy sana және fōlklorizmder qoldanysy // İsasui universitetiniñ habarşysy. №2 (132). – 2024. – Б. 115–129. DOI: <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.48>
4. Edward W. Said. Orientalism. – New York: Pantheon Books, 1978. – P. 368.
5. Kenjetai D. Keñestik zobalañ және işandar: Sozaq және Şaian qūbylystary. Appaq işan Seidahmetūlynyñ 160 jyldyğyna arnalğan «Qazaq jerindegi din ğulamalarynyñ ılımu және mūralary» Respublikalyq ğylymi-praktikalyq konferensia materialdary. – Türkıstan, 2024. – Б. 9-20.
6. Māşymbaev S.M., Māşymbaeva G.S. Patşalyq Resei және Keñes imperialarynyñ Qazaqstandaғы ruhani otarlaw saiasatynyñ zardaptary (XIX ğasyrdyñ 70-80 jyldary – XXI ğasyrdyñ basy). – Almaty: Qazaq universiteti, 2013. – 268 b.
7. Sadvokassova, Z.T., Kabuldinov, Z.Ye., Lysenko, Y.A. Factors Hindering Distribution of Orthodoxy among the Kazakhs in the second half of the XIX – early XX centuries. Bylye Gody. 2022. 17 (4). – P. 1759-1769 DOI: <http://dx.doi.org/10.13187/bg.2022.4.1759>
8. Qairatūly B. Qazaq dalasyndaғы şoqyndyru мәselesi. <https://alash24.kz/news/13942>
9. Qamzabekūly D. Ādebi – tarihi proses: ağymdar, konsepsialar. (ağartuşylyq kezeñ): filol. ğyl. dokt. ... diss. – Almaty, 2002. – 365 b.
10. Berdibai R. Epos – el qazynasy / Bes tomdyq şyğarmalar jinağy. 1 t. – Almaty: Qazyğürt, 2004. – 496 b.
11. Aitqojaqyzy L. Appaq İşan Ata. – Almaty, Arna-b, 2021. – 470 b.
12. Eleukenov Ş., Şalğynbaeva J. Qazaq kitabynyñ tarihy. – Almaty: Sanat, 1999. – 192 b.
13. Baitürsynūly A. Alty tomdyq şyğarmalar jinağy. T. I. – Almaty: El-şejure, 2013. – 384 b.
14. Äuezov M. XX tomdyq şyğarmalar jinağy. - 20 t. – Almaty: Jazuşy, 1985. – 496 b.
15. Qoja Ahmet İsasui. Diuani hikmet. – Tegeran: Āl-Hūda, 2000. – 235 b.
16. Qasqabasov S. Qazaqtyñ halyq prozasy. – Almaty: Jazuşy, 1984. – 260 b.
17. Şadı töre Jahangerūly. Nazym Siar Şārif. Öleñmen jazylğan Paiğambardyñ tarihy. – Almaty: Arys naşriaty, 2003. – 384 b.
18. Siar Şārip. (Paiğambar joly) Otbasy Hrestomatiasy. – Almaty, Otbasy hrestomatiasy, 2019. – Б. 3-9.

Автор туралы мәлімет:

Әбдіғанапұрова Жанар Жақсыбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Астана, Қазақстан.

Абдиганпұрова Жанар Жаксыбековна – кандидат филологических наук, ассистент профессор Назарбаев Университета, Астана, Казахстан.

Abdigapbarova Zhanar Zhaksybekovna – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of the Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.